Қамкоршылық кеңес отырысының
хаттамасы №3

04.09.2024 ж.
Атырау облысы Қызылқоға ауданы
Жасқайрат ауылы, Т.Қайырбаев №2

«Қызылқоға аудандық Ш.Т.Еркінов атындағы орта мектеп» КММ
Қатысуға тиіс: 9
Қатысқандар: 7

**Күн тәртібінде:**

1. Аудандық білім бөлімінің әдістемелік орталықтың 2024 жылдың 17 шілдедегі № 07-12-32/465 санды хатына сай «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы шеңберінде осал топқа жататын оқушыларды киім, аяқ киім, мектеп құралдарымен қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастыру туралы

**Тыңдалды:**

Кеңес төрағасы А. Жұмагалиев: - Биылғы жылы «Мектепке жол» акциясы «Мектепке жол – Шекарасыз жақсылық» ұранымен өтіп жатыр. Акция 2024 жылғы 1 тамыздан 30 қыркүйекке дейін жалғасады. **Акцияның мақсаты** — аз қамтылған және көп балалы отбасылардан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының басталуына дайындық кезінде материалдық қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алу. «Мектепке жол» республикалық акциясы бойынша Ойыл ауылдық округіндегі жеке кәсіпкерлер, қоғамдық қорлар, «Аманат» партиясы өз еріктерімен аз қамтылған, көп балалы, жартылай жетім, мүмкіндігі шектеулі балаларға демеушілік көрсете алатындығы туралы айтты.

**Сөйлеушілер:**

1. М.Құсайынов – қамқоршылық кеңес мүшесі:- Бүгінгі қамқоршылық кеңес отырысында айтылып жатқан мәселе «Мектепке жол» акциясы аясында балаларды мектеп формасы, оқу құралдар, спорттық киімдермен қамтамасыз ету үшін оқушыларды саралау қажет. Жалпыға міндетті оқу қорының қаржылай көмегімен атаулы әлеуметтік көмек алатын және күнкөрісі төмен (аз қамтылған) отбасыларының балалары қамтылып отыр. «Мектепке жол» акциясында жартылай жетім және мүмкіндігі шектеулі балаларды қамтуды ұсынамын.

2.Қ.Жанабаев- қамқоршылық кеңес мүшесі: - Күн тәртібіндегі мәселе бойынша айтсам, «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы жыл сайын ұйымдастырылады. Осыған орай акцияға қатысатын демеушілер мен оқушылар тізімін анықтау қажет. Қандай жағдай болмасын, балаларымыз оқусыз қалмауы тиіс. Сол себептен әр отбасын саралап, акция кезінде оқушыларымызды қажетті мектеп формасы немесе оқу –құралдарымен қамту жұмыстарын мұқият ұйымдастыру қажет.

**Қаулы:**

1.Ойыл ауылдық округіндегі жеке кәсіпкерлердің, мекеме басшыларының және мұғалімдердің демеушілігімен төмендегі оқушылар «Мектепке жол» акциясы кезінде мектеп формасы, оқу-құралдарымен қамтылсын.

| Р/с | Оқушының аты-жөні | Сыныбы | Әлеуметтік жағдайы | Ата- анасының аты-жөні | Демеушілер |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Сағидолла Миржан | 3 | Мүмкіндігі шектеулі | Ерғалиев Оңалдық Муғалимова Райса | «Құрман» шаруа қожалығының төрағасы Қ.Жаңабаев |
| 2 | Болатқызы Үлпан | 6 | Күн көрісі деңгейі төмен отбасы | Нұржанов Болат Берденова Бақтыгүл | «Құрман» шаруа қожалығының төрағасы Қ.Жаңабаев |
| 3 | Саламат Ақбаян | 4 | Толық емес отбасы | Саламат Аякөз | ИП «Жанэль» жеке кәсіпкер П.Алтынғалиев |
| 4 | Сансызбай Айділдә | 2 | Толық емес отбасы | Сәліккызы Айғаным | ИП «Жанэль» жеке кәсіпкер П.Алтынғалиев |
| 5 | Сағидолла Айзере Мейрамбекқызы | 2 | Күн көрісі деңгейі төмен отбасы | Ерғалиев Мейрамбек Опашева Гулжанат | «Жаныңдамын» қоғамдық коры |
| 6 | Сәрсен Аймира Мұхтарқызы | 2 | Толық емес отбасы | Әділханова Таңшолпан | «Жаныңдамын» қоғамдық коры |
| 7 | Жайлау Аяла Мейрамбекқызы | 1 | Толық емес отбасы | Қоғабаева Фариза | «Жаныңдамын» қоғамдық коры |
| 8 | Нұрқайырұлы Имран | 1 | Көп балалы отбасы | Жарылғасинов Нұрқайыр Бақтығалиева Арайлым | «Жаныңдамын» қоғамдық коры |
| 9 | Айтқали Мустафа Мәдениетұлы | 1 | Күн көрісі деңгейі төмен отбасы | Сейталиев Мәдениет Ертілеуова Әсем | «Жаныңдамын» қоғамдық коры |
| 10 | Бауыржан Расул | 1 | Толық емес отбасы | Сағынғалиева Әсел | «Жаныңдамын» қоғамдық коры |
| 11 | Аманжол Аружан Бекболатқызы | 1 | Күн көрісі деңгейі төмен отбасы | Избасаров Бекболат Қазиева Арайлым | «Аманат» партиясының |
| 12 | Сағидолла Айсезім Оңалдыққызы | 2 | Көп балалы отбасы, күн көрісі деңгейі төмен отбасы | Ерғалиев Оңалдық Муғалимова Райса | «Аманат» партиясы |
| 13 | Қабыл Заңғар Зейнелұлы | 1 | Көп балалы отбасы. Жартылай жетім | Казиева Дания | «Аманат» партиясы |

2. Демеушілердің берген материалдық көмектерін тізімдегі оқушылардың ата-аналарына табыстау әлеуметтік педагог А.Амантайқызына міндеттелінсін.

Комиссия төрағасы: А.Жұмағалиев Қамқоршылық кеңесінің төрағасы

Комиссия мүшелері:

| | |
|---|---|
| Құсайынов Марат | Ойыл ауылдық округінің Әкелер кеңесінің төрағасы, қамқоршылық кеңесінің мүшесі. |
| Алтынгалиев Парасат | Қайырымдылық жасаушылар өкілі, қамқоршылық кеңесінің мүшесі. |
| Жаңабаев Құрманбек | Қайырымдылық жасаушылар өкілі, қамқоршылық кеңесінің мүшесі. |
| Жұмашева Орынгүл | Ата- ана, қамқоршылық кеңесінің мүшесі |
| Г.Шоқан | Ата- ана, қамқоршылық кеңесінің Мүшесі |
| А.Амантайқызы | Кеңес хатшысы |